**«Алтын сақа»**
математикалық олимпиада
4 сынып
I кезең
2024-2025 оқу жылы

Аты-жөні: ..........................................................................................................................:
Сыныбы:...............................................................................................................................:

**Барлығы 100 ұпай, уақыты 60 минут**

**I. Дұрыс жауапты таңдау** (Әр тапсырма үшін берілген төрт жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). (4 ұпай $\times 7 = 28$ ұпай)

**1.** Теңдеуді шешіңіз: (11+19) + $x$ = 180

A. 130 B. 140 C. 150 D. 160

**2.** 10 жүздік пен 20 ондықтың қосындысы неше бірлікке тең?

A. 100020 B. 1000200 C. 1200 D. 12000

**3.** Төмендегі суретте неше үшбұрыш бар екенін табыңыз.



A. 4 B. 5 C. 6 D. 3

**4.** Төмендегі мысалдағы амалдардың дұрыс орындалу ретін көрсетіңіз.

$$(18 \overset{①}{-} 8 \overset{②}{\cdot} 2) \overset{③}{\cdot} 2$$

A. 123 B. 321 C. 213 D. 231

**5.** Бірінші сөреде 424 кітап бар, ал екінші сөреде 4 есе аз. Бірінші сөредегі кітаптар екіншісіне қарағанда нешеге көп?

A. 306 B. 312 C. 318 D. 324

**6.** Төмендегі A шаршысы мен B тіктөртбұрышының периметрі тең. B тіктөртбұрышың периметрі нешеге тең?




A. 36 см$^2$ B. 60 см$^2$ C. 64 см$^2$ D. 80 см$^2$

**7.** Мирас үйінен мектепке 60 минутта барады. Егер Мирас досымен бірге баратын болса, онда ол екі есе баяу жүреді. Ол үйінен сағат 12:30-да шығып, оған 12:45-те досы келіп қосылды. Мирас пен досы мектепке сағат нешеде барды?

A. 13:30 B. 13:45 C. 14:00 D. 14:15

**II. Дұрыс жауапты таңдау** (Әр тапсырма үшін берілген бес жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). (5 ұпай $\times 6 = 30$ ұпай)

**1.** Есептеңіз: 19+129+281+371.

A. 700 B. 720 C. 800 D. 820 E. 900

ЖАМБЫЛ

**2.** Төмендегі сандардың ішінен 5-ке бөлінетін жұп санды белгілеңіз.

A. 128 B. 135 C. 137 D. 140 E. 2024

**3.** 81564 санынан үш цифрды өшіргенде төмендегі қай екі таңбалы санды ала алмаймыз?

A. 85 B. 14 C. 54 D. 48 E. 64

**4.** ■ логикалық амалы үшін келесі заңдылықпен орындалады.

■345 = 543; ■612 = 621; ■891 = 981.

Төмендегі жауаптардың ішінен ең кішісін белгілеңіз.

A. ■849 B. ■964 C. ■476 D. ■849 E. ■893

**5.** Әр кішкентай шаршының салмағы 10 грамм болатын шоколад плиткалардан сандар жасалды. Қай санды жазуға аз шоколад кеткенін табыңыз.

*Төменде әр цифрды қалай жазуға болатыны көрсетілген.*




A. 1235 B. 2451 C. 2244 D. 5454 E. 4442

**6.** Төмендегі сандар белгілі бір заңдылықпен жазылған және -ның астында екі сан жасырылған. Сол екі санның қосындысы нешеге тең?

1, 2, 4, 6,  15, 19, 23, 27, 31

A. 19 B. 20 C. 21 D. 22 E. 23

**III. Бос орынды толтыру** (Әр тапсырма үшін қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек). (6 ұпай × 7 = 42 ұпай)

**1.** Теледидарда жарнама 15:04:15-те басталып, 15:09:20-да аяқталды. Жарнама неше секунд болды? [ ]

**2.** Отбасында 5 бала бар. Қасым Беріктен 2 жасқа үлкен, бірақ Даниярдан 2 жасқа кіші. Темірлан Ануардан 3 жасқа үлкен. Берік пен Ануар егіздер. Балалардың ең үлкені кім? [ ]

**3.** Аулада бірнеше тауық пен қоян бар. Олардың бастарының саны 15, ал аяқтарының саны 32. Аулада неше тауық бар? [ ]

**4.** 1, 5, 7 цифрларынан ешқайсысы кездеспейтін 40-тан кіші неше сан бар?[ ]

**5.** 5 жыл бұрын Жәңгірдің жасы Назеркенің жасынан 2 есе кіші болды. Қазір Назерке 21 жаста болса, Жәңгір неше жаста? [ ]

**6.** 4 "А" сынып оқушылары дене шынықтыру сабағында теңдей екі топқа бөлінді. Бірінші топтан 8 оқушы, екінші топтан 3 оқушы сабақтан сұранып кеткенде, бірінші топтағы оқушылар саны екінші топтағы оқушылар санынан 2 есе кем болды. 4 "А" сыныбында барлығы неше оқушы бар? [ ]

**7.** Олжас бір сан ойлады. Олжас ойлаған санының жартысынан 5-ті азайтса ең кіші екі таңбалы сан шығады. Олжас ойлаған санына нешені қосса ең үлкен екі таңбалы сан шығады? [ ]

ЖАМБЫЛ